

Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Астана, 2022



1-дәріс тақырыбы: Терминологияның жалпы сипаты

Қарастырылатын мәселелер:

Термин және терминология;

Терминнің зерттелуі.



«Термин» және «терминология» ұғымдары

Термин (лат. *terminus* «шек, шек, ақыр») белгілі бір жерде қабылданған арнайы сөз немесе сөз тіркесі. кәсіби сала және ерекше жағдайларда қолданылады.

Термин – белгілі бір кәсіптік білім саласының ұғымдар жүйесіне кіретін ұғымның ауызша белгіленуі.

Терминология (терминдер жиынтығы ретінде) кез келгеннің дербес секторы болып табылады ұлттық тіл, тығыз байланысты кәсіби қызмет.



Академик Ө. Айтбай:
«...**термин** дегеніміз, ең алдымен, негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады»

Ш. Құрманбайұлы:

«Терминді әдетте біз ең алдымен, адам қызметінің белгілі бір арнаулы саланың шеңберінде, негізінен кәсіби мамандар тілінде, арнаулы әдебиеттерде қолданылатын сөз»



Ш. Құрманбайұлы терминологияға мынадай анықтама берген:

«**Терминология** кең мағынасында адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі»

«**Терминология**-арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы»



Қазақ термин - жасамының негізін қалаушы А.Байтұрсынов.
Қазақ тіл білімінде терминология мәселесін ғылыми зерттеу профессор **Қ.Жұбанов** еңбектерінен бастау алады. Қ.Жұбанов «О терминологии казахского литературного языка» деген еңбегінде термин жасаудың он ұстанымын жазды. Қ.Жұбанов терминге қатысты 1935жылы «Термин сөздердің спецификасы жөнінде», «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жөнінде» деген еңбектер жазды.



Академик **Ә. Қайдар**-қазақ терминологиясы мәселелері туралы маңызды еңбек жазған. Оның 1972 жылғы «Доспехи лингвистическое объяснение» деген еңбегінде әскери атаулардың қазақ тілінде ертеден келе жатқаны дәлелденген. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегінде терминология мәселелерін белсенді зерттеген.



Академик Ө. Айтбаев - Терминология саласына бірінші болып докторлық диссертация қорғады. «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деп аталады.




Екінші докторлық диссертация - Ш. Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминдену үрдісі» деген зерттеу еңбегі. Ғалымның 1999 жылы қорғаған диссертациясының материалдары 2005 жылғы «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» еңбегінде қамтылған.

1998 жылы «Қазақ лексикасының терминденуі», 2002 жылы «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты», 2004 жылы «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары», 2008 жылы «Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткішін» баспадан шығарды.

- Салалық терминология бойынша Г.К. Қоңқашбаев география терминдерін, Т. Мұсақұлов биология терминдерін, М.О. Исамбаев медицина терминдерін т.б зерттеген. Ш. Біләлов «Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру» (математика саласы бойынша) 1997 жылы докторлық диссертация қорғады.
- 2002 жылы С. Ақаев «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.
- С.Қ. Әлісжанов «Ғылыми тіл синтаксисінің құрылымдық-коммуникативтік негіздері» деп аталатын диссертациясы жарық көрді.



- Терминологияның бұрын зерттелмеген жаңа мәселесін зерделеген ғалым - Е. Әбдірәсілов. «Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясын қорғады.
- Қ. Айсұлтанова 2003 жылы «Қазақ тіліндегі терминжасамның ішкі көздері» деген кандидаттық диссертациясын қорғаған.
- Н. Шеңгелбаева 2009 жылы Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі деп аталатын кандидаттық диссертациясын қорғады.



Ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі пікірлерін саралай келе, мынадай тұжырым жасалды:

Қазақ терминологиясының жалпы ғылыми сипатын анықтауға әр зерттеушінің қосқан өзіндік үлесі бар.

Терминдердің ерекшеліктері ашылған.

Терминологияның түрлі салалардан тұратыны анықталған.

Терминологияның көптеген салалары және олардың құрамы нақтыланған.

Зерттеу еңбектері терминологияның түрлі салалары бойынша салалық терминдердің орнығып, қалыптасуына әсер еткен.

Жеке зерттеулер терминологияның бірсыпыра салаларында әлі де көп мәселелердің бар екенін аңғартты.

Шолу терминологияның терминжасам мәселесі жете зерттелмегенін көрсетті.



Қорыта келгенде, термин өз алдында жеке тіл емес, терминдер мамандардың пайымдауынша, жалпыхалықтық тілдің сөйлеу заңдылығына бағынады. Терминдер тілдегі сөздерден, тілдік басқа да бірліктерден жасалып, белгілі мағынада қарым-қатынас құралы қызметін атқарады. Термин-анықтамасы (дефинициясы) бар тілдік құбылыс. Терминнің анықтамасы терминнің мағынасына нақтылығын қалыптастырған. Терминнің жүйелі болуы оның тілдің жалпы заңдылығымен байланысты.



Пайдаланған әдебиеттер:

- Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 445 б.
- Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. - Алматы, 2005. - 144 б.
- Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
- Терминология мәселелері. 1-кітап. - Астана: 1С-Сервис ЖШС, 2006. - 288 б.
- Терминдер және олардың аудармалары. - Алматы: Ғылым, 1990. - 216 б.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 2010. - 581 б.
- Молдажаров Ж.М. Қазақ лингвистикалық терминологиясының қалыптасуы мен дамуы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Алматы, 1972.
- Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. - Астана, 2002. - 184 б.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

